

1. Кадрлық құрамға талдау .

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар Ссылка

2021-2022 оқу жылында сапалы білім беру процесін жүзеге асыру үшін шағын орталық педагог кадрлармен жинақталған. оның ішінде:

директор	1
Әдіскер	1
тәрбиешілер	13
психолог	1
Қазақ тілі мұғалімі	1
Логопед	1
Дене шынықтыру нұсқаушысы	1

Педагогикалық білімі бар педагог қызметкерлердің -100%

Онда:

- жоғары педагогикалық біліммен —11 педагог
- оның ішінде жоғары мектепке дейінгі біліммен- 8педагог
- Орта арнаулы педагогикалықбіліммен — 3 педагог
- Оныңішінде орта арнаулы мектепке дейінгі біліммен — 2 педагог

Жоғары біліктілік санаты	Педагог-сарапшы	Бірінші біліктілік санаты	Екінші біліктілік санаты	санатсыз
2	2	5	5	4

Біліктілікті арттыру курстарында оқыды:

1. "Сапаны бағалау негізінде ұйымның дош пәндік-кеңістіктік даму ортасын жобалау" Тәрбиеші: Есмағанбетова З. С. 29.11.2021-10.12.2021 / 72 сағат. "Мектепке дейінгі ұйымның сапасы бағалаудағы кезіндегідей кеңдік дамытушы ортасын жобалау" Тәрбиеші: Муктарова Г.М: 29.11.2021-10.12.2021-72 сағат. ДК әдіскерлерінің"сапаны бағалау негізінде дош ұйымының пәндік - кеңістіктік даму ортасын жобалау" тақырыбы бойынша курстары Әдіскер: Бейсенбаева г. 01.11.2021-11.11.2021/72 сағат.

«Шағын орталықтың жаңа оқу жылына дайындығы» тақырыбында теориялық түрде өтіп, педагогтарды жаңа оқу жылының мақсат-міндеттерімен және мемлекеттік стандарт (ҚР Үкіметінің Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) талаптарымен, сондай-ақ 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстырылды.

«Бейнелеу өнері арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың қабілеттерін дамыту» тақырыбында алынып, педагогтар Абдулинова А.Т «Балабақшада бейнелеу өнері» ҰОҚ өткізді,

«Балабақшада сурет салуда дәстүрлі емес технологияларды қолдану» Қазі А.Т-баяндама оқыды.

«Формирование самореализации профессиональных навыков педагогов » тақырыбында дөңгелек үстел түрінде өтті. «Мектеп жасына дейінгі балалардың әуенді-ырғақтық қимыл-қозғалыс қабілеттерін дамыту» тақырыбында баяндама тыңдалып, пікір алысып, ой бөлісіп, қазіргі кезде балалардың интеллектуалды дамуына қажетті жағдай жасаудың мүмкіндігі жөнінде талқыланды.«Балабақшада балалардың дене бітімінің жан-жақты дамуына жағдайлар туғызу» тақырыбында алынып, педагогтар мен медбике баяндамалар оқып, «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?» тартымды рефлексивті-рөлдік ойын көрсетіліп, қызықты пікірталас түрінде өтті. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында:

Семинар-практикум: презентациямен кеңес өткізілді: «Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық

үрдістерін ойын арқылы дамыту» Қазі А.Т., «Мектеп жасына дейінгі балаларда шама туралы қарапайым түсінік қалыптастыру» Муктарова Г. М., «Мектепке дейінгі балалардың ересектермен қарым-қатынасы» Досжанова А., «Мектепкедейінгі балаларды құрастыру шығармашылығына баулу» Сасықова А. Н

Шебер- сыныптар: «Балаларды сюжетті сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету» Есмағанбетова З. С., «Ертегілер мен ТРИЗ» Балғабекова Н. Т., «Ертегілерді сахналау арқылы тәрбиеленушілерді сахна өнеріне тәрбиелеу» Оразбаева Ж. А., «Балабақшада қолдануға тиімді технологиялар» Браташ О. В., "Бауырсақ"ертегісі. Жұмбақтар бойынша кейіпкерлерді құрастыру», Асылханова С. А, « Балабақшада жаңа технологияларды қолданудың әдістері» Ахметова А. А, « Балалардың тілін дамытуда мнемотехника әдісінің маңызы» Маханова Ж. К., «Мектеп жасына дейінгі балалардың зерттеу, эксперимент жасау іс-әрекеттерін дамыту әдістемесі» Капарова Д. С.

2022-2023 жыл оқу жылында оқу жылында сапалы білім беру процесін жүзеге асыру үшін шағын орталық педагог кадрлармен жинақталған. Оның ішінде:

Директор	1
Әдіскер	1
Тәрбиешілер	11
Психолог	1
Қазақ тілі мұғалімі	1
Логопед	1
Дене шынықтыру нұсқаушысы	1
Музыка жетекшісі	2

Педагогикалық білімі бар педагог қызметкерлердің -100%

- жоғары педагогикалық біліммен —10 педагог
- оның ішінде жоғары мектепке дейінгі біліммен- 5педагог
- Орта арнаулы педагогикалық біліммен — 7 педагог

— Оның ішінде орта арнаулы мектепке дейінгі біліммен — 6 педагог

жоғары біліктілік санаты	бірінші біліктілік санаты	-екінші санат	-санатсыз
2	4	4	7

Сараптама: Гистограммадан педагогикалық кадрлардың сапасы жыл сайын көтеріліп, біліктілік санаттарының жоғарлағанын байқауға болады..

Мәселе: Педагогтардың жұмыс орнын ауыстыруына байланысты санаты жоқ көрсеткіш жоғарылап тұр.

Шешу жолдары: Алдағы уақытта мамандармен біліктіліктерін арттыру жұмыстары жүргізіліп, санаттарының өсуіне тиімді жұмыс жүргізілу көзделуде.

Мектепке дейінгі мекемедегі жобалық әдіс алынып, «Алғашқы ұстаз – ата-ана» тақырыбында тәрбиешілер Маханова Ж.К, Муктарова Г.М. іскерлік ойын көрсетті. Психолог Қайролла А.Т- педагогтармен рефлексия өткізді. «Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу қабілеттерін жақсартудың шарты» әдіскер: Бейсенбаева Г.С. , Оразбаева Ж.А. «Сөйлеуді дамыту ойындарына арналған құрал-жабдықтар жасау» тақырыбында педагогтардың жұмыс тәжірибесін ұсынды. «Мектеп жасына дейінгі тәрбие мен оқыту- ата-аналармен жұмыстың құрамдас бөлігі» Балгабекова Н.Т баяндама оқыды. «Ата-аналарға арналған талант мектебі» тақырыбында тәрбиеші Асылханова С.А жеке іс-тәжірибесімен бөлісті. «Отбасындағы театрлық ойындар» ата-аналарға арналған жылжымалы папкалар ұсынылды. «Балалардың мектепке дайындығын талдау» психолог Қайролла А.Т, «Білім беру саласындағы құзыреттілік деңгейлерінің қорытынды мониторингін талдау» Әдіскер; А.Б. Абзалова «Математикалық мазмұндағы дидактикалық ойындар» атты шебер сыныбын тәрбиеші А.Н. Сасыкова өткізді. Олар өздерінің осы тақырып бойынша жобалық жұмыс жүргізіп жатқандықтарын да айтып өтті. Теориялық түрде тәрбиешілерге де өз оқу қызметтерінде қолдануға болатын бірнеше мнемокестелерді ұсынды. Практикалық бөлімінде де ой толғандыратын, ой қозғайтын бірнеше тапсырмалар орындатты. Педагогтар өздерінің бірнеше жүргізіп жатқан жұмыстарымен бөлісті. «Ата – аналармен жұмыс жүргізе отырып нәтижеге жете білу"» Практикалық семинарды тәрбиеші О.В. Браташ жүргізді. Тәрбиешілермен түрлі психологиялық ойындар мен жағдаяттар жайлы пікір-талас ұйымдастырылды.

2023-2024 жыл оқу жылында оқу жылында сапалы білім беру процесін жүзеге асыру үшін шағын орталық педагог кадрлармен жинақталған. Оның ішінде:

Директор	1
Әдіскер	1
Тәрбиешілер	12
Психолог	1

Қазақ тілі мұғалімі	1
Логопед	1
Дене шынықтыру нұсқаушысы	1

Педагогикалық білімі бар педагог қызметкерлердің -100%

- жоғары педагогикалық біліммен —11 педагог
- оның ішінде жоғары мектепке дейінгі біліммен- 5 педагог
- Орта арнаулы педагогикалық біліммен — 8 педагог
- Оның ішінде орта арнаулы мектепке дейінгі біліммен — 7 педагог

жоғары біліктілік санаты	бірінші біліктілік санаты	-екінші санат	Педагог-модератор	-санатсыз
2	3	4	1	8

Боранбаева Г.Д. қазақ тілі мұғалімі –бала күтіміне байланысты демалыста орнына **Қуандық А.Д** уақытша жұмысқа алынды.

Тәрбиеші **Сасыкова А.Н - Найманбайқызы Айнагул** болып тегін өзгертті.

Сараптама: Гистограммадан педагогикалық кадрлардың сапасы жыл сайын көтеріліп, біліктілік санаттарының жоғарлағанын байқауға болады. Бір педагог педагог-модератор санатын алды

Мәселе: Жас мамандардың жұмысқа орналасуына байланысты көрсеткіш төмендеу болып тұр

Шешу жолдары: Алдағы уақытта мамандармен біліктіліктерін арттыру жұмыстары жүргізіліп, санаттарының өсуіне тиімді жұмыс жүргізілу көзделуде.

2.Тәрбиеленушілер контингенті

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау. Білім алушылар (тәрбиеленушілер)контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер;Ссылка

Шағын орталық 2009 жылдан бері жұмыс істейді, типтік жоба бойынша салынған ғимаратта орналасқан Шағын орталық бес күндік жұмыс аптасы бойынша жұмыс істейді, балалардың шағын орталықта болуы таңғы 7.30-дан кешкі 18.00-ге дейін,

Жобалық қуаты -140 орын.

Шағын орталықта 6 топ жұмыс істейді.

Топтар жасына қарай жұмыс істейді:

2021-2022 оқу жылы -балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау

Жас кезеңдері және жас топтары (балалардың жасы – 1 қыркүйектегі толық жасы) мынадай:

1) кіші жас – 2 жастан бастап (кіші топ);

2) мектепке дейінгі жас – 3-6 жас:

2022-2023 оқу жылы -балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау

кіші жас – 2 жастан бастап (кіші топ)

орта жас – 3 жастан бастап (ортаңғы топ);

ересек жас – 4 жастан бастап (ересек топ);

мектепалды жас – 5 жастан бастап (мектепалды тобы, мектепалды сыныбы)

2023-2024 оқу жылы Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталады:

кіші топ – 2 жастағы балалар

ортаңғы топ – 3 жастағы балалар

ересек топ – 4 жастағы балалар;

мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып – 5 жастағы балалар

2021-2022 оқу жылы

Топтардың атауы	Балалардың қозғалысы туралы мәлімет
-----------------	-------------------------------------

	Оқу жылының басындағы балалар саны	Оқу жылы ішінде келген балалар саны	Оқу жылы ішінде кеткен балалар саны	Оқу жылының соңындағы балалар саны
«Нұрсәт» тобы	22	5	8	19
«Еркетай» тобы	22	2	7	15
«Айналайын тобы	18	8	13	13
«Қарлығаш» тобы	23	4	12	11
«Дарын» тобы	22	2	14	8
«Балбөбек» тобы	15	3	1	14

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2018 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығының 25- тарауына сәйкес жас топтары күнтізбелік жылға толық жасқа толған балалардың жасын ескере отырып, оқу жылының басында мектепке дейінгі ұйымда қалыптастырылады: 1.Бұрын кіші топ (2019 жылғы қыркүйек-желтоқсан және қаңтар-тамыз 2020 жылғы туған балаларды жинақтау) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы «___» _____ 2022 жылғы №_____ №2 қосымшасына сәйкес «Мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары», әртүрлі жастағы топ ретінде (2-3 жас).

1.Бұрын ортаңғы топ (2018 жылғы қыркүйек-желтоқсан және қаңтар-тамыз 2019 жылғы туған балаларды жинақтау) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы «___» _____ 2022 жылғы №_____ №2 қосымшасына сәйкес «Мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары», әртүрлі жастағы топ ретінде (3-4 жас). 2.Бұрын ересек топ (2017 жылғы қыркүйек-желтоқсан және 2018 жылғы қаңтар-тамыз) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «___» _____ 2022 жылғы №_____ №2,3 қосымшасына сәйкес «Мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары», әртүрлі жастағы топ ретінде (4-5 жас). 3.Мектепалды даярлық тобы (2016 жылғы қыркүйек-желтоқсан және 2017 жылғы қаңтар-желтоқсан) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «___» _____ 2022 жылғы №_____ №3 қосымшасына сәйкес «Мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары», мектепалды топ ретінде (4-5 жастағы балалар)

2022-2023 оқу жылы

Топтардың атауы	Балалардың қозғалысы туралы мәлімет			
	Оқу жылының басындағы балалар саны	Оқу жылы ішінде келген балалар саны	Оқу жылы ішінде кеткен балалар саны	Оқу жылының соңындағы балалар саны
«Нұрсәт» тобы	23	9	8	24

«Еркетай» тобы	25	3	8	20
«Айналайын тобы	25	3	4	24
«Қарлығаш» тобы	22	4	1	25
«Дарын» тобы	15	0	3	12
«Балбөбек» тобы	24	2	6	18

Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталады:

2023-2024 оқу жылы

Топтардың атауы	Балалардың қозғалысы туралы мәлімет			
	Оқу жылының басындағы балалар саны	Оқу жылы ішінде келген балалар саны	Оқу жылы ішінде кеткен балалар саны	Қазіргі уақытта қатысып отырған балалар саны
«Нұрсәт» тобы	25	3	4	24
«Еркетай» тобы	25	3	3	25
«Айналайын тобы	25	2	2	25
«Қарлығаш» тобы	20	1	1	20
«Дарын» тобы	22	4	3	18
«Балбөбек» тобы	25	1	1	25

3. Оқу-әдістемелік жұмыс.

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттары

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға критерийлер - жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдасқан қызметтің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі бағаланатын кезеңдегі оқу жұмыс жоспарлары.

Тәрбиеленушілер мемлекеттік тілде және орыс тілінде тәрбиеленуде. Шағын орталықта тәрбиеленушілер 4 топта қазақ тілінде және 2 топта орыс тілінде тәрбиеленіп отыр. Педагогтар тәрбие мен оқыту үрдісінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын игере отырып, жаңа әдістерді іздену арқылы білімін тәрбиеленушілерге тәрбие мен білім берудің сапасын көтеру мен жетілдіруге байланысты мақсатқа бағытталған жұмыстар жүргізеді. Тәрбиеленушілердің мемлекеттік білім беру стандартын игеру деңгейі бағдарламалардың барлық тараулары бойынша іске асырылуда. Балаларды мектепке дейінгі мекемеге қабылдау денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытынды, психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияның жолдамасы, баланың әкімшілігі мен ата-аналары арасында жасалған шарт, баланы қабылдау үшін ата-аналардың өтініші негізінде жүзеге асырылады.

Бағаланатын кезеңдегі оқу жұмыс жоспарлары, ссылака

2021-2022 оқу жылында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандартына» 31 қазан 2018 жылғы №604 бұйрығы, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына /ҚРБҒМ 20.12.2012 жылғы №557 бұйрығының және 15.05.2020 жылдың №195 бұйрығыны және 15.05.2020жылдың №195 бұйрығының 1-қосымшасы, «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 30.10.2018 жылғы №595 бұйрығы және 12.08.2016 жылғы №499 бұйрығына сүйене отырып шағын орталықтың оқу жоспары жасалды. ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы № 615 бұйрығы «Мектепке дейінгі ұйымдарға жіне сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларды, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің «Коронавирус инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезінде білім беру ұйымында оқу процесін жүзеге асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығының 1-қосымшасы, Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 10 қазандағы №557 бұйрығының 1-қосымшасына, ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделіне»

сүйене отырып, барлық жас топтарында Үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық оқу жүктемесінің көлемі сақталған. Үлгілік оқу бағдарлама мазмұнын іске асыру барысында тәрбиеленушілердің жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оларды жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары негізінде жүзеге асырылады.

Шағын орталықта «Нұрсәт», «Еркетай» 2 жастан бастап кіші топтарда «Денсаулық» -108, «Қатынас»-36, «Таным»-72, «Шығармашылық»- 108 сағат құрады. «Айналайын» 3 жастан бастап ортаңғы топта, «Денсаулық»-108 «Қатынас»-90, «Таным»-90, «Шығармашылық»-108, «Әлеумет»-18 сағат құрады. Жылдық оқу жүктемесінің сағат саны- 432 сағат.

«Дарын», «Қарлығаш» 4 жастан бастап ересек, әртүрлі жас топтарында «Денсаулық»-108сағат, «Қатынас»-180 сағат, «Таным» -90 сағат «Шығармашылық»- 126 сағат «Әлеумет»-18 сағат, жылдық жүктеме вариативпен қоса алғанда -504 сағатты құрайды.

«Балбөбек» 5 жастан бастап мектепалды даярлық топтарында «Денсаулық»-108сағат, «Таным»-90 сағат, «Қатынас»-180 сағат, «Шығармашылық» -180 сағат, «Әлеумет»-54 сағат. Жылдық жүктеме саны -720 сағатты құрайды.

**Бағаланатын кезеңде әзірленген және бекітілген Білім беру бағдарламалары (вариативтік, жеке, бейімделген, қосымша)
Ссылака**

2021-2022 оқу жылында күннің екінші жартысында вариативтік компоненттік бөлімі бойынша мектепалды даярлық, ортаңғы, ересек топтарда мына вариативтік компоненттер жүргізілді.

«Туған өлкем», «Логика», «Ойын арқылы шығармашылыққа баулу». Айналайын» орта тобында -1 сағат, «Қарлығаш» ересек тобында- 2 сағат, «Дарын» әртүрлі жас орыс тобында -2 сағатты «Балбөбек» мектепалды даярлық тобында – 3 сағатты құрады. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті-ұлттық және жалпы адамзаттық қазыналар, ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыру үшін қажетті жағдайлар жасау», - деп ерекше атап көрсетілген. Осы Заңның 8-бабында «Білім беру мекемелеріндегі тәрбиелеу бағдарламалары этномәдениет элементтерімен байытылады», - делінген. Халқымыз «Қисық біткен талды жастайынан түземесе, буыны қатқан соң оның көлеңкесі де қисық болып тұрады» деп бекер айтпаса керек. Осыған байланысты бүгінгі бүлдіршіндерді жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелеуде балабақша қызметкерлерінің жауапкершілігін де арттыра түсуде. Себебі біздің халқымыз үшін бала тәрбиесі бүкіл

зиялы қауымның, бүкіл қоғам шұғылданатын ұлағатты істің тұтас бір кешеніне айналып отыр. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстарды ұтымды ұйымдастыру үшін балабақшада ұлттық этнопедагогика бағыты бойынша арнайы бағдарлама негізінде жұмыс жасамаймыз. Бағдарламаны құрастыру жаңа білім парадигмасына сәйкес төмендегідей қажеттіліктерден туындап отыр:

- Мектепке дейінгі тәрбие мен білім және мектепалды даярлықтың нәтижеге қайта бағдарлануы;
- Мемлекеттік жалпыға міндеті білім беру стандартына сәйкес білімнің практикалық құндылығын қамтамасыз ету.
- Өмірлік білім моделінен өмір бойғы білім моделіне сәйкес білім беру;
- Баланың қандай да бір саладағы білім мен тәжірибесімен және оларды нақты бір жағдайда соған сай қолдана білу біліктілігімен байланысты қасиеті-қүзіреттілігін қалыптастыру.

Бағаланатын кезең үшін ұйымдастырылған қызметтің перспективалық жоспары ссылка

Бағаланатын кезеңдегі тәрбие-білім беру процесінің циклограммасы, ссылка

2021-2022 оқу жылында шағын орталық ұжымының өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде жеткен жетістіктері аз емес. Тәрбиеленушілер жыл сайын мектепке дейінгі мекеме балаларына арналып өткізілетін аудандық, облыстық, республикалық сайыстарға қатысып, жүлделі орындар иеленуде. Биылғы оқу жылында да, шағын орталық тәрбиеленушілері елулі жетістіктерге қол жеткізді: Білім мен тәрбие беру еңбектеріміздің нәтижесін тәрбиеленушілеріміз Жанаталап Ильяс, Сәбит Айзере **Республикалық «Бала дарын»** жасөспірімдер байқауына **«Ана –өмір шуағы»** тақырыбында мәнерлеп оқу сайысына қатысып І-дәрежелі дипломдарға ие болды. ҚР Тәуелсіздік күні қарсаңында мектеп жасына дейінгі балалар арасында ұйымдастырылған **«Менің Отаным-Қазақстан»** облыстық сурет байқауында **Серік Ақнұр, Ерлан Қарақат** диплом мен жүлделі орындармен марапатталды. Осы білім салалары бойынша мектепалды даярлық тобы жақсы көрсеткіштерді көрсетеді.

Оқу жылы көлемінде «Балбөбек» тобының балалары сайыстарға қатыса білді: облыстық, республикалық конкурстарға қатысып І - ІІ дәрежелі дипломдар, сертификаттар алған балалар Думанқызы Сезім, Ерсін Айлин, Жарылғап Альсатиолла, Боранбайева Айлин, Жобалай Асылан, Ержанқызы Еркеназ.

«Айналайын» тобының балаларының жетістіктері: «Ана өмір шуағы» атты республикалық байқауға қатысып, мәнерлеп оқу номинациясы бойынша Қайрат Алимансұр 2 орынға ие болды.

«Ана өмір шуағы» атты республикалық байқауға қатысып, қолөнер номинациясы бойынша Шәкәрім Аль Фараби 1 орынға ие болды.

«Ана өмір шуағы» атты республикалық байқауға қатысып, би номинациясы бойынша Нұрғали Алин 1 орынға ие болды.

«Ана өмір шуағы» атты республикалық байқауға қатысып, мәнерлеп оқу номинациясы бойынша Нұрғали Алин 2 орынға ие болды.

«Ана өмір шуағы» атты республикалық байқауға қатысып, сурет номинациясы бойынша Усатай Бекарыс 2 орынға ие болды.

«Ана өмір шуағы» атты республикалық байқауға қатысып, мәнерлеп оқу номинациясы бойынша Ерсайын Нұрсұлтан 1 орынға ие болды.

Балалар арасында өткізілген Республикалық онлайн «Қыстың күйі көңілді» сайысында сурет номинациясы бойынша «Өрлеу Қазақстан» қоғамдық қоры тарапынан Нұрғали Айлин 1 дәрежелі дипломмен марапатталды.

Балалар арасында өткізілген Республикалық онлайн «Қыстың күйі көңілді» сайысында мәнерлеп оқу номинациясы бойынша «Өрлеу Қазақстан» қоғамдық қоры тарапынан Камерденова Адина 1 дәрежелі дипломмен марапатталды.

Балалар арасында өткізілген Республикалық онлайн «Қыстың күйі көңілді» сайысында қолөнер туындысы номинациясы бойынша «Өрлеу Қазақстан» қоғамдық қоры тарапынан Қазбекова Көркемай 1 дәрежелі дипломмен марапатталды.

Балалар арасында өткізілген Республикалық онлайн «Қыстың күйі көңілді» сайысында сурет номинациясы бойынша «Өрлеу Қазақстан» қоғамдық қоры тарапынан Рахат Мелхат 1 дәрежелі дипломмен марапатталды.

Балалар арасында өткізілген Республикалық онлайн «Қыстың күйі көңілді» сайысы аясында «Тәуелсіздігімізге 30 жыл» мәнерлеп оқу номинациясы бойынша «Өрлеу Қазақстан» қоғамдық қоры тарапынан Ерсайын Нұрсұлтан 1 дәрежелі дипломмен марапатталды.

Балалар арасында өткізілген Республикалық онлайн «Қыстың күйі көңілді» сайысы аясында «Тәуелсіздігімізге 30 жыл» мәнерлеп оқу номинациясы бойынша «Өрлеу Қазақстан» қоғамдық қоры тарапынан Жумаканова Аделя 1 дәрежелі дипломмен марапатталды.

2022-2023 оқу жылында әдістемелік оқытудың мазмұны ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 12 тамыз №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде құрылады.

Оқу-тәрбие жұмысы ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай іске асырылады.

Балалардың жас ерекшеліктеріне қойылатын талабына байланысты ұйымдастырылған оқу қызметі кестесі оқу жоспарына сәйкес құрылған Физикалық қасиеттері Коммуникативтік дағдылары, Танымдық және зияткерлік дағдылары, Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы, Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру-

Күн тәртібі гигиеналық талаптарға сай, жылдық жоспар негізінде балабақшадағы педагогтармен ай сайын өтпелі тақырыптар негізінде перспективалық жоспар және циклограмма құрылады. Іс-әрекетті ұйымдастыру барысында әр түрлі тәсілдерді қолданады. Бұл – дәстүрлі, кіріктірілген, ұжымдық, топтық, жарты топпен, жеке іс-әрекеттер. Бұл іс-әрекеттерде педагогтар әр түрлі салаларды, тақырыпқа сай жоспар бойынша мән-мағынасын біріктіреді. Негізгі әдістемелік тәсіл – ойын және театрланған әрекет болып табылады. Іс-әрекет ойын және ертегі сюжеттерімен толықтырылады. Бала ойынның қызығымен астарлы оқыту мақсатын байқамайды. Мектепке дейінгі жастағы балалармен жұмыс барысында педагогтар әр баланың мінез-құлқын, жас психо-физиологиялық ерекшеліктерін, табиғи дара шығармашылық қабілетін ескереді. Педагогикалық құзыреттілік мәселені сараптау және жоспарлау негізінде құрылады. Балабақшада әр баланың жеке тұлға боп дамуына барлық жағдай жасалынған. Көрме, сайыстар (балалардың ата-аналармен біріккен суреттерінің және қолөнерлерінің көрмелері) ұйымдастырылады. Әр жастағы топта баланың дамуына оның жасы, психофизикалық дамуына жағдай жасалған. Барлық жабдықтар және ойын құралдары аймақтарда дұрыс орналасқан. Топтарды безендіру баланың эстетикалық, патриоттық дамуына әсерін тигізеді. Барлық жастағы топтарда жас ерекшеліктеріне сай мольберттер, үлгілер, түрлі бағыттағы көркем сурет, ұлттық қолөнер заттары бар. Балалардың сурет салуға, мүсіндеуге қарындаштары, қағаздары, ермексаздары, әртүрлі бояулары қолжетімді орналасқан бұрыштары бар. Топтарда музыкалық бұрыштар бар. Театрланған әрекеттер үшін түрлі жабдықтар (куыршақтар, театрлық костюмдер, шымылдық), театрдың бірнеше түрі (көлеңкелік, үстелдік және т.б.) бар. Педагогтармен әр ай сайын жоспарлы сюжетті-рөлдік қойылым көрсетіледі. Бұл балалардың адамгершілік құзыреттіліктерін дамытады. Экологиялық және тәжірибелік (экспериментальді)

орталықтарда экологиялық мәдениетті дамытуға арналған көрнекі құралдар (альбомдар, сурет жинақтары, дидактикалық ойындар және т.б.) сияқты иллюстративті материалдар; көгалдандыру бұрыштары (үй өсімдіктері) бар. Орталықта өсімдікті өсіруге және оларға күтім жасауға арналған (бау-бақша, гүл өсіретін орындар) барлық жағдай жасалған. Балалардың қарапайым жеке ғылыми көзқарастарын дамытуға арналған материалдар және балаларға тәжірибе жасауға арналған құралдар бар. Шағын орталықтың әрбір жоғарғы топтарында балалардың танымдық дүниетанымын дамытуға арналған (мозайкалар, түрлі-түсті ойыншықтар және т.б.) дидактикалық ойындар (лото, домино, сурет жиынтықтары) әр түрлі сюжетті ойын жиынтықтары және қуыршақтар мен әртүрлі пішіндегі жануарлар, ойыншық жиһаздар, ойыншық телефон сияқты және балалардың әр түрлі кәсіп түріне бейімделіп дамуына арналған «Дүкен», «Шаштараз», «Аурухана» және т.б. тақырыптары бойынша түрлі жиынтықтар бар. Серуен кезінде ойнауға арналған (шелек, күрек, түрлі пішіндер, қалақтар) ойыншықтары бар. Орталықтағы ойыншықтардың барлығы тақырыпқа сай орнатылған, әрбір бала өзіне ұнаған ойыншықты алып, басқа балаларға кедергі жасамайды. Әрбір топта осы балалабақшаның қызметкерлері дайындап жасаған (ой қабілетін, қол саусақтарын дамытуға) дидактикалық материалдар бар. Ересек топтарда балалардың құрастыру қызметін дамытуға арналған барлық жағдай жасалған. Сонымен қатар ұсақ және ірі құрылыс материалдары

Қарағанды қаласының білім бөлімі	«Менің отбасым» шығармашылық байқау	2022ж	Сертификат
Қарағанды қаласының білім бөлімі	«Қарағанды жұлдыздары» шығармашылық фестиваль-байқауы	2022ж	Сертификат
«Атамұра» республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы Астана қаласы	«Бояулар құпиясы» жас суретшілер байқауы	2023ж	I-орын II-орын III-орын
Қарағанды қаласының білім бөлімі	Қалалық «Толағай» спорттық жарысы	2023ж	Грамота Бас жүлде 5 бала
Қарағанды қаласының білім бөлімі	Қалалық «Зерек бала» марафоны	2023ж	Грамота 2-орын 4 бала
Қарағанды қаласы	Международный многожанровый	2023ж	Грамота 1-орын 5 бала

(әр		фестиваль-конкурс «Весна в Казахстане»			түрлі әдіспен құрастыратын фетрден, кәушіктен) түрлі
	Халықаралық «Пони» интеллектуалдық балалар сайысы	«Пони» интеллектуалдық балалар сайысы	2023ж	Грамота 1 орын 12 бала	

құрастырғыштар, түрлі құрылыс схемалары, сызбалары, мозайкалар, танграммалары бар. Бейнелеу өнеріне арналған табиғи материалдар бар. Сондай-ақ барлық топтарда (киіз үйдің макеттері, қазақтың ұлттық киімдегі қуыршақтары, жұмыс бұйымдары және т.б.) «Қазақтың ұлттық бұйымдары» атты бұрыштар бар. Орталықтың басты мақсаты балаларды қазақ халқының мәдени құндылықтарына баулу және тәрбиелеу. Балалар қазақ халқының шығармашылығымен, салт-дәстүрімен танысады. Орталықтың дамыту саласы баланың жеке тұлғасын дамыту үшін барлық жағдайлар қамтамасыз етілген. Балалардың даму белсенділіктерін арттыру үшін орталық тәрбиешілері балабақшаны материалдармен қамтамасыз етуге көп көңіл бөледі. Сонымен қатар әрбір топта балалардың ойнау қажеттіліктерін қамтамасыз етуге арналған ойын алаңдары бар. Ойнау барысында балалардың қоршаған орта туралы көзқарастары қалыптасып, тіл байлығы мен психикалық процесстері дамып, еңбексүйгіштік қасиетке бейімделіп тәрбиеленеді. Барлық материалдар балалардың жас ерекшеліктері мен психофизикалық ерекшеліктерін, санитарлы-гигиеналық талаптарын, психо-педагогикалық шарттарын ескере отырып жасалып, жинақталатындықтан баланың интеллектуалдық қажеттіліктерін қамтамасыз етуге себебін тигізеді.

2022-2023 оқу жылында шағын орталық ұжымының өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде жеткен жетістіктері аз емес. Тәрбиеленушілер жыл сайын мектепке дейінгі мекеме балаларына арналып өткізілетін аудандық, облыстық, республикалық сайыстарға қатысып, жүлделі орындар иеленуде.

4.Оқу-материалдық активтер

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға критерийлер: - мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау Ғимарат туралы мәліметтер (ғимарат түрі, салынған жылы, жобалық қуаты, ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі және т.б.) ссылқа

Шағын орталық ашылуы барысында жақсы материалдық-техникалық база құрылған, ол балалармен денсаулық сақтау және тәрбиелік-білім беудің жұмыстарына қойылатын талаптарға сай келеді. Арнайы топтық бөлмелер, жатын орындар, тамақтану орындары бар. Кабинеттер: әдістемелік, психолог, монтессори кабинеті. Музыкалық зал заманауи музыкалық құралдармен жабдықталған.

Шағын орталық алаңы безендірілген, әр жастық алаңы қажетті ойын және спорттық құралдармен қамтамасыз етілген.. Материалдық-техникалық базаны қамтамасыз етудің маңызды орыны - пәндік дамытушы орта. Ол ата-аналардың көмегімен және педагогтардың шығармашылық жұмыстарының нәтижесі болып табылады. Топтардың ұйымдастырушылық ортасы рольдік ойын орталықтарынан, көркемдік-ауызша, денсаулық сақтау, құрылыс-конструктивті ойындар және театрланған әрекет етуге қажетті дидактикалық ойын құралдарынан тұрады. Барлық ойын құралдары балаларға қол жетімді және барлық санитарлық талаптарға сай келеді. Шағын орталықта даму ортасының талаптарға сай келуі мемлекеттік стандарттарға сай жүргізіледі.

- бабалардың эксперименталдық жұмысына қажетті материалдардың жеткіліксіздігі, соған арналған арнайы орталықтардың болмауы және балалар үшін қол жетімсіздігі;

Себептер:

- Ғимаратта артық бөлмелердің болмауы.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, анықталады:

Келешек жұмыстардың міндеттері

- Материалдық базаны толықтыру және нығайту мақсатында жұмыстарды әрі қарай жалғастыру;
- Тәрбиленушілердің маңызды компетенцияларын қалыптастыру үшін пәндік-дамытушы орта жұмыстарын жандандыру және оны «ҚР мемлекеттік жалпыға ортақ білім беру стандарттарына» сәйкестендіру;
- Қазақстанда шығарылатын жаңа әдістемелік құралдармен, ұсыныстармен толықтыру;
- Сонымен қатар «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын» іске асыру үшін әдістемелік базаны нығайту.

5. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры. «Мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына сәйкес жасақталған. **ссылка**

6. Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға критерийлер: - баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы:

2021-2022 оқу жылы Әдістемелік ұсынымдар «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, қолдануға ұсынылған (2020 жылғы 28 қыркүйектегі № 5 хаттама) мектеп жасына дейінгі балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, даму деңгейлерін анықтау мониторингі бойынша жүргізілді.

Оқу жылындарында білім беру салалары бойынша тәрбиеленушілердің бағдарламалық материалды игеру сапасын талдау келесі рейтингтік тәртіпті құруға мүмкіндік береді:

2022-2023 оқу жылы Модельді іске асыру мақсатында мазмұнды реттейтін нормативті-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, Моделді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Оқуағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – Стандарт), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) мазмұны қайта қаралып бекітілді. Осы нормативтік құқықтық актілерді ескере отырып, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары әзірленді.

2021-2022	2022-2023	2023-2024
-----------	-----------	-----------

Денсаулық	65%,	Физикалық қасиеттері	40%	Бастапқы мониторинг жүргізілді
Коммуникация	65%,	Коммуникативтік дағдылары	50%,	
Шығармашылық	45%,	Танымдық және зияткерлік дағдылары	70%	
Таным	65%	Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы	40%	
Әлеумет	73%,	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру-	98%	

сияқты білім беру бағыттары бойынша нәтижелері берілген.

Осылайша, осы мониторингтің нәтижелері педагогтарға жаңа оқу жылына тәрбие мен дамытудың ұйымдастыру формаларын, әдістері мен әдістерін таңдауда әр балаға сараланған тәсілді анықтауға көмектеседі. Мониторингтің қорытынды нәтижелері білім беру бағдарламасын меңгерудің жеткілікті деңгейін көрсетеді. Нәтижелер барлық бөлімдер бойынша балалар бағдарламасын игерудегі тұрақтылық туралы айтады. Орындалған жұмыстың нәтижесі айқын. Балалар ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас орнатуды біледі: өзін-өзі бақылау дағдылары бар, жағдайға мойынсұнуды біледі, өз қалауына сәйкес келмейді. Олар өздерінің іс-әрекеттері мен мотивтерін бағалау олардың өздеріне деген көзқарасымен емес, ең алдымен, олардың іс-әрекеттері айналасындағылардың көз алдында қалай көрінетіндігімен анықталатынын түсінеді. Әркімнің әлем туралы өзіндік идеясы бар. Әр баланың жеке ерекшеліктері, мотивтері, өмірлік ұстанымы бар. Әр бала-даралық. Біздің міндетіміз-мектеп өміріне дайын қызықты, пайдалы және ерекше адамдарды шығару.

Қорытынды: мектепке дейінгі білім беру мекемесінің тәрбиеленушілерінің білім беру салалары бойынша бағдарламалық материалды меңгеру мониторингінің нәтижелері жеткілікті деңгейде қанағаттанарлық болып табылады..

Ұсыныс: тәрбиеленушілермен жеке, топтық жұмыстарын күшейту, шығармашылыққа бейімдеу, жаңа технология элементтерін ұйымдастырылған оқу қызметінде жүйелі қолдану, балалардың дұрыс сөйлеу қабілеттерін арттыру, дұрыс сөйлеу мәдениетін нығайту.

Шешу жолдары:

- Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сай дидактикалық материалдарды, көрнекіліктерді дайындау, тәрбиешілердің біліктіліктерін арттыру жұмыстарын жандандыру.
- Балалардың қимыл белсенділігін арттыру мақсатында тәрбиешілерге кеңес, тәжірибе алмасу, семинар өткізу.
- Тәрбиеленушілердің тілдік бағытта жұмыстарын көбірек қолға алу.

Бағаланатын кезеңде баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелері, ссылка

Бағаланатын кезеңдегі баланың жеке даму картасы ссылка

Қорытынды.

Қорыта келе шағын орталық қызметкерлердің атқарған жұмыстары соңғы 2021-2022,2022-2023,2023-2024 оқу жылдарында көптеген жетістіктерге жетті. Оның дәлелі ретінде тәрбиеленушілердің аудандық,облыстық,республикалық, халықаралық байқауларға қатысуын алсақ болады. Шағын орталық бойынша тәрбиелеу мен оқыту білім беру жүйесін, оның сапасын арттыруға бағытталған жұмыстар үздіксіз жүргізілуде. Педагогикалық процесті ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптарды ескере отырып, балалардың білім беру дағдыларын, көрсеткішін қыркүйек-бастапқы, аралық-қаңтар, мамыр-қорытынды кезеңде бағаланып, барлық білім беру салаларында мониторинг жүргізу негізінде жеке баланың дамуын І,ІІ,ІІІ деңгейде анықтау арқылы жүргізілді. Заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптар негізінде бала өмірін қамтамасыз ететін материалдық – техникалық, санитарлық-гигиеналық, психологиялық-педагогикалық, эстетикалық жағдайлардың кешеніне сәйкес жасалды. Қазіргі жаһандану заманында дүниеге келген бүлдіршіндерге ертеңгі күнінің алаңсыз, болашағының зор , кемел болуына, тәртіпті,тәрбиелі, әдепті,мейірімді,адами құндылықтары жоғары білімді, білікті азаматтарды тәрбиелеу біздің құзырымызда.

.Шағын орталықта бес білім беру саласының дағдылары бойынша тәрбиеленушілердің қимыл, қоммуникативтік-тілдік, танымдық,шығармашылық, әлеумет білім, білік, дағдылары қалыптасқан. Педагог- тәрбиешілер тәрбиелеу, дамыту, оқыту міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз етіп, ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізіп,толыққанды тәрбиеленушілермен жұмыс атқарып жатыр.